

Құрастырған:
Ахметкалиева Сандыгуль Кусмановна
т.ғ.к. доцент м.а., Бизнес-технологиялар кафедрасы
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

2-Тақырып

1 Жеткізідім тізбегін басқарудағы логистиканың түсінігі мен рөлі

6B11301 Логистика (салалары бойынша)
мамандықтарына арналған

1 Жеткізілім тізбегін басқарудағы логистиканың түсінігі мен рөлі

Логистика бұл *жеткізілім тізбегіндегі* материалдық және ілеспе ақпараттық, қаржылық ағындарды басқару туралы ғылым ретінде түсініледі. Атап айтсақ, логистика материалдардың, өнімдердің, жартылай фабрикаттардың, ақпараттың, қаржының, т.б. ағындарды басқаруын қамтиды.

«Жеткізілім тізбегі» дегеніміз бастапқы шикізатты түпкілікті тұтынушыға жеткізілетін өнімге айналдыру процесіне қатысатын ұйымдардың, адамдардың, ақпараттың, қызмет түрлерінің жиынтығы. Жеткізілім тізбегінің күшін тезис пен айтқанда: «жеткізілім тізбегінің ең әлсіз буыны, жалпы жеткізілім тізбегінің күшін анықтайды».

Сәйкесінше, *«жеткізілім тізбектерімен басқару»*—бұл бір-бірімен өзара әрекеттесетін бірқатар ұйымдарды қамтитын белгілі бір жеткізу тізбегінің:

- синхрондауға(үйлестіру);
- өткізу қабілетін арттыруға;
- негізгі факторларын бәсекеге қабілеттілігінің қамтуға арнайы шоғырлану. Жалпы жеткізу тізбегімен басқару негізгі екі мақсатты көздейді.

Бірінші мақсат-тұтынушыларға қызмет көрсетудің белгіленген деңгейіне қол жеткізу, жеткізу тізбегінің жұмыс нәтижелерінің, тапсырыс берушілердің күтулерінің, жеткізілетін өнімдер мен қызметтердің көлемінің және сапасының сәйкес келуі.

Екінші негізгі мақсат-жеткізу тізбегі бойынша шығындарды оңтайландыру болып табылады. Оңтайландыру мақсатында жеткізілім тізбегінде әрбір буынға басқа буындарымен жұмыс істеу барысында лайықты кіріске қол жеткізу.

Жеткізілім тізбегін басқарудың негізін логистиканың 7R ережесі құрайды:

- қажетті тауарды;
- қажетті мөлшерде;
- қажетті сапада;
- қажетті уақытта;
- қажетті жерге;
- қажетті тұтынушыға;
- ең аз шығынмен.


Яғни, логистика, жеткізілім тізбектерімен басқару ғылымы ретінде, осы жеті негізгі критерийге сәйкестікті қамтамасыз етуі керек.

Жеткізілім тізбегіне әртүрлі қозқарастан қарауға болады: іштен немесе сырттан(биігінен). Жеткізілім тізбегінің сырттан көрінісі- әрбір кәсіпорынды жеткізу тізбегінің элементі ретінде қарастырамыз. Мұнда, жеткізушілер, өндірушілер, жабдықтаушылар, дистрибьюторлар және соңғы тұтынушылар жеткізілім тізбегінің мақсатты элементі болады.

Әрине, басым материалдық ағындар, басым ақпараттық және қаржылық ағындар бар. Біз бөлек талқылайтын кері ағындарды қоспағанда, материалдық


ағын негізінен алға жылжиды. Сонымен қатар, жеткізу тізбегін *iштен* қарастырсақ, біз екі түбегейлі әртүрлі тәсіл туралы айта аламыз.

Дәстүрлі көзқарас дегеніміз компанияның функциялары бір-бірімен үйлесімі әлсіз және өте төмен. Басқаша айтқанда, жеткізу тізбегін басқарудың әрбір функциясы, мейлі ол сатып алу, өндіру, тарату болсын, өзінің негізгі көрсеткіштеріне ие болады сурет 1.1.



Сурет 1.1 – Жеткізу тізбегіне дәстүрлі көзқарас-функционалдық модель


1. Басқаша айтқанда, жабдықтау әдетте тауарлы-материалдық қорлардың мол болғанын жақсы көреді және үнемдеуді ұнатады деп айтуға болады. Дистрибуция- дәстүрлі жеткізу тізбегіндегі көлікті толық жүктемесіне, белгілі бір логистикалық операторды тандаған кезде жеткізілімнің ең төменгі бағасына, жеткізілім тізбегінде болуы мүмкін барлық тәуекелдер мен белгісіздіктерді буферлеу үшін сақтандыру қорларын ұстауға бағытталады. Жалпы жеткізу тізбегіндегі қатысушылар арасындағы байланыс сурет 1.2.



Сурет 1.2. Жеткізу тізбегіндегі қатысушылар арасындағы байланыс

2. *Функцияаралық көзқарас* ол бүкіл жеткізу тізбегінің тиімділігін, яғни оның түпкілікті нәтижесін өлшейді. Жеткізілім тізбегін басқарудың дәстүрлі көзқарас белгілі бір функцияның мүдделеріне бағытталған функционалды модельмен сипатталса, ал функцияаралық көзқарас процесс моделімен сурет 1.3. Әрбір тұтынушыға *құндылықты* тікелей жасайтын және жеткізетін негізгі процестер, сондай-ақ түпкілікті тұтынушыға құндылықты тарату үшін *жағдай* жасайтын қамтамасыз ететін процестер де бар.

Жеткізу тізбегін басқару үш компоненттен тұрады — үйлестіру, дифференциациялау және қайта конфигурациялау. Үйлестіру дегеніміз, жеткізілім тізбегіне қатысушылар өздерінің күш-жігерін үйлестіреді, ақпаратпен алмасады, жеткізілім тізбегі арқылы өнімге сұраныс туралы да, жеткізілімдегі ықтимал проблемалар туралы да ақпарат береді (ақпарат өтпелі қозғалысты қамтамасыз етеді).



Сурет 1.3. Жеткізу тізбегіне функцияаралық көзқарас-процесстік модель

Қорытындылай келе, жеткізу тізбегін басқарудағы барлық күш-жігер бірігуі керек. Яғни, жеткізілім тізбегі бойынша шығындарды оңтайландырумен тапсырыс берушілерге қызмет көрсетудің мақсатты деңгейін параллельді ұстап тұру керек. Жалпы, жеткізу тізбегін басқару тәсілі екі негізгі түрдің бірі болуы мүмкін деп айтуға болады. Мысалы: тік интеграция арқылы мақсат қойылады немесе көлденең интеграция арқылы жеткізу тізбегін оңтайландыруға болады [сурет 1.4].

Тік интеграция дегеніміз, ұйым жеткізілім тізбегінің барлығын немесе едәуір бөлігін тікелей бақылауды таратады. Бұл жағдайда толық және ішінара тігінен біріктірілген бизнес болуы мүмкін. Жеткізу тізбегінің буындарына меншік құқығына ие бола отырып, компания жеткізу тізбегін өзі қалағандай құруға құқылы.

Екінші тәсіл көлденең интеграция тәжірибесі. Бұл жағдайда жеткізу тізбегінің барлық буындарына иелік етілмеді және олармен өзара әрекеттесу жүргізіледі. Жеткізу тізбегі қалай құрылатыны, оның қалай жұмыс істейтіні туралы келісу және жеткізу тізбегінің екі жағындағы серіктестермен келісімге қол жеткізу қажет.



Сурет 1.4. Жеткізу тізбегін басқару түрлері.